



Т

Үлгі болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



№47

(1889) Жұма, 21-қараша 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ VII КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕЗДЕСУІ

Өзбекстан, Ташкент қаласы

Мемлекет басшысы сөз басында қонақжайлық танытып, Саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевке ілтипат білдіріп, Әзербайжанның аталған кеңеске толық мүше ретінде қосылуын тарихи шешім деп бағалады. Сондай-ақ Бакудің жаңа статуста аймақ ынтымақтастығын кеңейтуге айтарлықтай үлес қосатынына сенім артты.

Президент Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесулері өз тиімділігін дәлелдегенін айтты.

— Қазір Орталық Азия ауқымды трансформация кезеңін өткеріп жатыр. Жабьқ шекаралар мен оқшауланудың уақыты өтті. Мұны сеніммен айтуға болады. Ортақ күш-жігердің арқасында өңірдің ішкі бірлігі артты. Бұл елдеріміздің дамуына және халықаралық ынтымақтастыққа кеңінен жол ашты. Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері өңірдің жаһандық үдерістерде маңызды рөл атқаратынын мойындайды. Сондықтан «Орталық Азия плюс» форматына қызығушылық артып келеді. Бұған быыл негізгі шетелдік серіктестермен өткен саммиттер дәлел бола алады. Менің ойымша, мұндай серіктестіктің басты мақсаты — өңірдегі тұрақтылықты нығайту және орнықты прогресс үшін жағдай жасау, елдеріміз бен халықтарымыздың әл-ауқатын, бақауатты тұрмысын қамтамасыз ету. Орталық Азияның әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарқынды дамыған әрі жан-жақты ынтымақтастық пен бейбітшілік орнаған берекелі өңір ретіндегі мәртебесін нығайтуды көздейміз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлік ықпалдас-тықтың экономикалық негізін күшейткен толайым табыстарға тоқталды.

— Өндіріс, энергетика, машина жасау, агроөнеркәсіп және басқа да секторларда бірлескен кәсіпорындардың саны көбейіп, ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Сауда кедергілері біртіндеп жойылып, жаңа өткізу бекеттері ашылып, авто, теміржол арқылы байланыс жанданып келеді. Нәтижесінде былтыр өңір ішіндегі сауда-саттық көлемі 11,5 миллиард долларға жетті. Көрсеткішті 20 миллиард долларға дейін жеткізу үшін осы қарқынды сақтау қажет деп ойлаймын, — деді Президент.

Мемлекет басшысы перспективті сала-ларда серпінді жобаларды бірлесе іске қосуды ұсынды. Оның айтуынша, Қазақстан бидайды, майлы дақылдарды, ет-сүт өнімдерін терең өңдеу, мал және органикалық егін шаруашылықтарын дамыту арқылы бұл бағытта тиімді жұмыс атқаруға дайын. Сонымен қатар заманауи қоймалар, логистикалық орталықтар салу, ішкі нарыққа және экспортқа арналған дайын тағам өнімдерін өндіру бағыттарының келешегі зор.

Президенттің пікірінше, халықаралық аренадағы өзгерістер кезеңінде Орталық Азия елдерінің Еуразиядағы негізгі транзиттік торапқа айналуға бірегей мүмкіндігі бар. Мемлекет басшысы елдеріміз тек келісімді әрі үйлесімді әрекет еткенде ғана аймақтың әлеуеті толық ашылатынына сенімді.

— Бір-бірін қайталайтын тексерістерден, шекарадан өту кезіндегі шектен тыс бюрократиялық рәсімдерден арылу үшін Жүкті тасымалдаудың бірыңғай электрондық жүйесін енгізу мәселесін қарастырған жөн. Аймақтың әлеуетін одан әрі нығайту үшін Орталық Азияның көлік



жүйесін дамытудың кешенді стратегиясын бірлесіп әзірлеуді ұсынамыз. Шекара маңында қалыптасып келе жатқан өнеркәсіп хабы кең мүмкіндікке жол ашады. Оны дамыту аясында жоғары технологиялық жобаларды іске қосуға баса назар аударған жөн, — деді Президе-

дент. Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысу-шылар назарын сирек кездесетін метал-дарды өндіру және өңдеу саласындағы ықпалдас-тық перспективасына аударды.

— Мемлекеттеріміз әзірге толық барланбаған, бірақ айтарлықтай мол ресурсқа ие. Аймаққа озық тех-нология тарту және инновациялық шешімдерді енгізу ісінде күш біріктіру керек. Қазақстан Астанада Сирек металдарды зерттеу жөніндегі өңірлік орталығын құру бастамасын көтерген болатын. Бұл мекемеде кеніштер мен оны игеру технологиялары тура-лы өзекті ақпараттарды жинақтап, инвесторларға ұсына аламыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану нәтижесінде пайда болатын мүмкіндіктерге тоқталды. Президент елімізде ЖИ-ді жан-жақты енгізу шаралары, сондай-ақ өзбек әріптестермен бірге атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

— Жасанды интеллект саласындағы серіктестікті одан әрі дамыту үшін аталған технологияны қолданудың бірыңғай стандарттарын әзірлеу керек. Орталық Азия мемлекеттерінде жасанды интеллектті жауапкершілікпен пайдалану туралы декларацияның жобасын дайындауды ұсынамын. Құжат бірлескен цифрлық жобалар аясында мәлімет алмасқан кезде ашықтықты, сенім мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету-ге мүмкіндік береді. Осылайша, барлық қатысушының құқығы қорғалатынына кепіл болады, — деді ол. Президенттің айтуынша, өңір үшін су қауіпсіздігі мәселесі аса өзекті.

— Соңғы бес жылда елдеріміз су саясатына қатысты ұстанымдарын жаңғыртты. Су проблематикасының трансшекаралық сипатын ескере отырып, салалық стратегиямызды бірлескен цифрлық жобалар аясында мәлімет алмасқан кезде ашықтықты, сенім мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету-ге мүмкіндік береді. Осылайша, барлық қатысушының құқығы қорғалатынына кепіл болады, — деді ол. Президенттің айтуынша, өңір үшін су қауіпсіздігі мәселесі аса өзекті.

мүмкіндік береді. Келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммитімен қатар өтетін Халықаралық Аралды құтқару қорына мүше мем-лекеттер басшыларының жиынында осы тақырыпқа оралып, ұсыныстарды талқылай аламыз. Сіздер аталған іс-шараларға белсенді қатысады деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мәдени-гуманитарлық байланыстарды ны-ғайту өңір елдері үшін негізгі басымдық саналады. Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентін Самарқанд қаласында ЮНЕСКО-ның Бас конференциясын табысты өткізуімен құттықтады.

Президент ортақ тарихи-мәдени мұраны сақтаудың, ұлттық қолөнерді насихаттау және тұрақты түрде бірлескен іс-шаралар ұйымдастырудың маңызына назар аударды. Кинематография саласында, сондай-ақ за-манауи туристік кластерлер құру және жаңа технологияларды пайдалану арқылы Ұлы Жібек жолының мұрасын дәріптеуде біршама іс тындыруға болады.

— Осы салада барынша белсенді әрекет етіп, туризм саясатын өзара тиімді үйлестіретін уақыт жетті деп ойлаймын. Бұған дейін бүкіл өңірге ортақ туристік бағдарларды дамы-ту туралы ұсыныс айтылған еді. Біз мұндай бастамаларды қолдаймыз. Бұдан бөлек, Орталық Азияның біртұтас туристік брендині ілгерілетуде пәрменді шаралар қабылдауды ұсынамыз. Ту-ризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісім және Орталық Азия елдерінің бірыңғай туристік кеңістігін қалыптастыру аталған саладағы байла-ныстарымызды жандандыруға құқықтық негіз бола алады, — деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев Ташкенттегі Ислам өркениеті орталығынан алған әсерімен бөлісіп, Шавкат Мирзиёевтің аталған меке-мені ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізі-летін ортақ алаңға айналдыру жөніндегі бастамасын қолдады.

Мемлекет басшысы әлемдегі геосаяси дүрбелең жағдайында өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті күшейтудің мәні зор екенін айтты. Бұл ретте Президент Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы мемлекеттік шекара туралы, сондай-ақ Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан шекараларының түйісу нүктесі туралы шарттарға қолдау білдіріп, бұл мәмілелерді маңызды қадам ретінде бағалады. Бұдан бөлек, жақында Тәжікстанның XXI ғасырдағы Достық жөнін-дегі шартқа қосылуын елеулі шешім деп ата-ды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, өңір өлі де терроризм мен діни экстремизм, есірткі тасымалы және транслүттық қылмыс секілді сын-қатерлермен бетпе-бет келіп

отыр. Бұл қауіптерді бірлесіп ғана еңсеруге болады. Осы бағыттағы жұмыс өңір елдері-нің Қауіпсіздік кеңестері хатшылары дең-гейінде жүргізілуге тиіс.

Сөз соңында Президент Консультативтік кездесу форматын одан әрі жетілдіру мәсе-лесіне тоқталды.

— Ұлттық үйлестірушілер кеңесі бекітілгеннен бері бұл алаң тиімділігін көрсетті. Кеңестің рөлін күшейтетін уақыт келді деп ойлай-мын. Ол уағдаластықтардың орында-луын бақылаумен шектелмей, өңірді дамытудың стратегиялық векторларын әзірлеумен айналысуы керек. Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің осы форматтың институционалдық негізін күшейтуге қатысты ұсынысын қуаттаймын. Бұл мәселелерді жұмыс тәртібінде талқылап, тиісті бастама-ларды бекітуге болады деп ойлаймын. Орталық Азия сараптамалық форумын өңірлік ықпалдас-тық жүйесіне қосуды ұсынамын. Соның нәтижесінде форум зерттеу жүргізетін және бірыңғай тәсілдер қалыптастыратын негізгі платформаға айнала алады, — деді Мем-лекет басшысы.

Саммитте Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Түрікменстан Президенті Сер-дар Бердімұхамедов, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров және Әзербайжан Прези-денті Ильхам Әлиев сөз сөйледі. Сонымен қатар БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш бейнеүндеу жолдады.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша президенттер мынадай құжаттарға қол қойды:

1. Орталық Азия мемлекеттері басшы-ларының VII Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша бірлескен мәлім-демесі;

2. Орталық Азия мемлекеттері басшы-ларының 2027-2028 жылдар аралығында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне Қырғыз Республикасының канди-датурасын ұсыну бойынша БҰҰ-ға мүше ел-дерге үндеуі;

3. Әзербайжанды Орталық Азия мемле-кеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуінің толық құқылы қатысушысы деп тану туралы шешім.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бірлескен мәлімдемесіне сәйкес мынадай құжаттар қабылданды:

1. Орталық Азиядағы өңірлік қауіпсіздік, тұрақтылық және орнықты даму тұжырым-дамасы;

2. Орталық Азиядағы қауіпсіздік тәуекел-дері мен олардың алдын алудың 2026-2028 жылдарға арналған тізбесі.

www.akorda.kz

ИСКЕРЛІК КЕЗДЕСУ ҚАЗАҚСТАН-ЭСТОНΙΑ БИЗНЕС ФОРУМЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Эстонияның іскерлік топ өкілдері қатысып жатқан бизнес-форум сауда және инвестиция саласындағы екіжақты ықпалдастықты жандандыруға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев келік-логистика, цифрландыру, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп,

қаржы және білім беру салаларындағы өзара тиімді серіктестіктің перспективті бағыттарына тоқталды. Сондай-ақ елімізде эстониялық бизнестің кеңеюіне жан-жақты қолдау білдіруге дайын екенін растады.

Жиында Эстония Президенті Алар Карис те сөз сөйледі.

Бизнес-форум аясында екі ел компаниялары жалпы құны 517 миллион доллардан асатын 11 коммерциялық құжатқа қол қойды.

www.akorda.kz



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

ЕҢБЕК АДАМДАРЫНА ҚҰРМЕТ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай осы саланың бірқатар мамандарына мемлекеттік марапаттар тапсырды. Атап айтқанда, осы күні механик, трактор жүргізушісі, малшы, шаруа қожалықтарының жұмысшылары сияқты 7 еңбек адамы құрметке ие болды.



Жиынға келген мамандарды кәсіби мерекелерімен құттықтаған Бейбіт Исабаев өз сөзінде аграрлық салаға көрсетіліп отырған қолдауларға, Президенттің қатысуымен өткен Агрофорумда айтылған мақсат-міндеттерге қысқаша тоқталды:

- Бұл мереке өмірін ауыл шаруашылығымен тығыз байланыстырған еңбек адамдарының қажырлы қызметіне көрсетілген құрмет деп білеміз. Мемлекет басшысы Агрофорумда фермерлерді қолдау, су үнемдеу технологияларын енгізу, заңсыз алынған және игерілмей бос жатқан жерлерді қайтару, агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру, өнімді терең өңдеп, халықаралық нарыққа шығару және басқа да секторларды дамыту туралы кеңінен айтты. Біз облыста осы бағыттар бойынша тиісті жұмыстар жүргізіп келеміз. Агробизнес-жобаларды қолдауға мемлекет тарапынан биыл 64 млрд. теңге қарастырылды. Осындай қолдаудың нәтижесінде өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерінің шикізатын өңдеу үлесі 68% жетті, - деп атап өткен өңір басшысы бүгінгі беріліп отырған марапат азаматтардың адал еңбегі мен маңдай теріне деген лайықты баға екенін жеткізді.

Осы жиында III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені Кербұлақ ауданынан «Нұрқадам» шаруа қожалығының трактор жүргізушісі Жалғас Бегімбетовке, Ақсу ауданынан «Құндақбаев» шаруа қожалығының малшысы Талғат Құндақбаевқа, «Құрмет» ордені сарқандық «СЗЦ Алмалы» ЖШС шаруа қожалығының жұмысшысы Ерлан Блескелдинов пен «Душкин СН» шаруа қожалығының басшысы Сергей Душкинге, «Ерен еңбегі үшін» медалі Көксу ауданынан «Мырзахан» ШҚ жұмысшысы Асқар Өмірбековке, Ескелді ауданынан еңбек ардагері, зейнеткер Өмірсерік Мырзахметовке, Қаратал ауданынан «Опытное» АШӨК-нің механигі Родион Лиге берілді.

Марапатталушылар атынан сөз алған «Мырзахан» ШҚ жұмысшысы Асқар Өмірбеков осы салада 25 жылдан бері еңбек етіп келе жатқанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, шаруашылық малшылықпен және егіншілікпен айналысады. Жұмысшылардың жалақысы, тұрмыс жағдайы жақсы екенін айтқан А. Өмірбеков өзіне көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдірді.

Ал «Душкин СН» шаруа қожалығының басшысы Сергей Душкин – егін шаруашылығында елеулі жетістікке жеткен фермерлердің бірі. Оның айтуынша, алдағы уақытта шаруашылыққа тамшылатып суару технологиясын енгізу жоспары бар.

- Бізге, яғни ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне мемлекет тарапынан субсидия, жеңілдетілген бағада жанар-жағармай, басқа да қолдау шаралары тұрақты көрсетіледі. Ол шаруашылықтарға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Біз жастардың ауылдан кетпеуіне жағдай жасап, оларға жұмыс беріп, барынша қолдауға тырысып келеміз. Алдағы уақытта да ауылдық жерлерді дамытуға үлес қоса береміз, - деді ол.

«Опытное» АШӨК-нің механигі Родион Ли 45 жылдан бері ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп келеді.

- Еңбек жолымды механизатор болып бастадым. Ұзақ жылдан бері шаруашылықта механикпін. Барлық техниканы жөндейміз, олардың егін егуден өнім жинауға дейінгі кезеңде үзіліссіз қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеміз. Қазіргі жастарға айтарым, адам өз жұмысын жақсы көріп істесе, жұмыс та оған қиындық туғызбайды, махаббатпен атқарылған іс әрқашан жемісті болады, - дейді Р. Ли.

Еске салсақ, бұған дейін ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Көксу қант зауытының директоры Алтынбек Абатов биыл елімізде тұңғыш рет беріліп отырған «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағын, Алакөл ауданынан табыншы Жасқайрат Қамизанов III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін Президенттің қолынан алған болатын.

Атап өтсек, жыл басынан бері облыста 74,2 млрд теңгенің азық-түлік өнімі өндірілген. Ал ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 403,6 млрд теңгені құрап отыр.

Фото: Александр СКЛАБОВСКИЙ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМДІ ӨҢДЕУ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Жетісу облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында 123 кәсіпорын жұмыс істейді. 2025 жылдың басынан бері 74,2 млрд теңгенің азық-түлік өнімі өндірілді. Жалпы, өңірде өндірілген өнімді қойма өңдеу көлемі 68%-ға жетті.



Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алқабы 500,0 мың гектар болған. Бұл ретте қант қызылшасын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Облыс құрылғаннан бері тәтті түбірдің егіс алқабы 2022 жылғы 4,2 мың гектардан биыл 12,2 мың гектарға дейін үш есеге жуық ұлғайған.

Өткен жылы өңірде қант қызылшасынан рекордтық өнім алынып, жалпы түсім 630 мың тоннаға жетті. Сонымен қатар 2023 жылы үш жыл тоқтап тұрған Ақсу қант зауыты толық жаңғыртудан өткізіліп, іске қосылды. Бұдан бөлек, 60 млн еуро инвестиция тартылып, Көксу қант зауытының жылдық қуатын 500 мың тоннаға ұлғайту жобасы жүзеге асырылуда. Сондай-ақ ұзақ уақыт жұмысы тоқтап тұрған «Жетісу Мажиго» агрокешені қайта іске қосылып, майлы дақылдарды қайта өңдеу кәсіпорны жұмысын жандандырды. Кәсіпорынның қуаттылығы 100 мың тоннаға дейін шикізат өңдеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде өңірде қант қызылшасынан басқа дақылдарды жинау толық аяқталды. 284,9 мың гектар дәнді дақылдың 771,9 мың тоннасы бастырылды. 106,5 мың гектар майлы дақылдан 233,7 мың тонна өнім алынды. Егілген 15,2 мың гектар картоп пен көкөніс-бақша дақылдарынан 404,8 мың тонна өнім жиналды. Бүгінде қант қызылшасының 11,4 мың гектары, яғни 93,9%-ы жиналып, 452,2 мың тонна өнім алынған.

Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері агроөнеркәсіптік кешенге (АӨК) 20 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды, оның ішінде азық-түлік өнімдерін өндіру саласы да бар. Жалпы алғанда, 2025–2027 жылдарға арналған Инвестициялық жобалар картасы аясында өңірдің АӨК саласында жалпы құны 94,4 млрд теңге болатын 23 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Оның ішінде биыл ылғал үнемдеу технологиясы бойынша 6 жоба жүзеге асырылуда:

- Өңірде бұрын айналымнан шығып қалған суармалы жерлерді қайта айналымға енгізу жұмыстары жүргізілуде, ирригациялық желілерді қалпына келтірудің 6 жобасы іске асырылып жатыр. Соның нәтижесінде 23,2 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру және 5,3 мың гектар жаңа жерді айналымға қосу жоспарланған. Бұдан бөлек, су ресурстарын



үнемдеу мақсатында ылғал үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану жұмыстары жүргізілуде. Биыл мұндай технологияны енгізу аумағын 55,2 мың гектарға жеткізу межеленіп отыр. Бүгінде оның көлемі 36,1 мың гектарға жетті, соның ішінде тамшылатып суару – 14,1 мың гектар, жаңбырлатып суару – 22 мың гектар, - деді облыс-

тық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрәулет Кененбаев.

Атап өтсек, Жетісу облысы құрылғаннан бері атқарылған жұмыстардың нәтижесінде пайдаланылмай жатқан 1,3 млн гектар жер анықталған. Оның 712 мың гектары қайта айналымға енгізілді, ал 600,4 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Мемлекеттік меншікке қайтарылған жайылымдық жерлердің 151,7 мың гектары елді мекендердегі жеке аулалардың мал жайылымы үшін берілді, ал 269,2 мың гектары конкурс арқылы таратылды. Қалған 179,5 мың гектар жерді айналымға енгізу жұмыстары келесі жылдың бірінші жартысында аяқталмақ.

Жалпы мал шаруашылығы бойынша айтатын болсақ, жыл басынан бері мал басы 2,6 млн басқа жетті. Нарықты ет, сүт өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында өңірде 27,7 мың басқа арналған 71 бордақылау алаңы, 8,3 мың басқа арналған 35 тауарлы сүт фермасы жұмыс істейді. Сонымен қатар үш ірі тауарлы сүт фермасы 2 млрд теңге инвестиция тарта отырып, 1190 басқа дейін кеңейтілді.

Ветеринария саласы да назардан тыс қалған жоқ. Облыс құрылғанға дейін 34 ветпункт болса, құрылғаннан бері тағы 67 жаңа ветеринариялық нысан пайдалануға берілді. Келесі жылы 16 нысан салу жоспарланып отыр, соның нәтижесінде ауылдық округтер ветеринарлық нысандармен толық қамтылады.

Жалпы, биыл Жетісу облысында ауыл шаруашылығы саласын қолдауға 64 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде субсидиялар, жеңілдетілген несиелер және техниканы лизингке алу қаражаты бар. Соның 10 млрд теңгесі «Кең дала» бағдарламасы аясында бөлінген. Ал 2025 жылдың қаңтар-қазан айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 403,6 млрд теңгені құрады.

Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ, Жеңіс ЫСҚАБАЙ

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

РАБОЧИЕ ПОЕЗДКИ

СОВМЕСТНЫЙ ПОИСК РЕШЕНИЙ

На прошлой неделе вице-министр промышленности и строительства РК Олжас Сапарбеков встретился с бизнес-сообществом области Жетісу. Встреча прошла в здании Тіл сарайы города Талдықорғана.



Приветствуя жетісусцев, вице-министр отметил, что курирует сферу промышленности и индустриально-инновационного развития, а также рассказал о проводимой в Министерстве работе в курируемых отраслях. Отдельное внимание уделил вопросу цифровизации, подчеркнув, что в ведомстве готовится цифровая платформа, которая заработает в следующем году.

В ходе диалога участники задали волнующие их вопросы, касающиеся участия отечественных товаропроизводителей в тендерах, о включении в Реестр ОТП, повышения тарифов на энергоносители, развития инженерной инфраструктуры и другие.

Также были затронуты темы развития специальной Экономической зоны «Восточные ворота» и международного центра приграничного сотрудничества «Хоргос».

Олжас Сапарбеков подробно ответил на вопросы и предложил объединить усилия по проработке озвученных предложений.

В рамках рабочей поездки вице-министр также посетил ТОО «ЧК «ASMA INDUSTRIAL» в целях ознакомления с деятельностью предприятия.

АКТУАЛЬНО

В ТАЛДЫКОРГАНЕ ОБСУЖДАЮТ СНИЖЕНИЕ НАЛОГОВ

Бизнес-сообщество области Жетісу, интересы которого продвигает региональная палата предпринимателей «Атамекен» и Ассоциация предпринимателей «Вместе — мы сила», добивается снижения ставки налогового режима с 4% до 2%. Свою позицию предприниматели озвучили на заседании маслихата города Талдықорғана.

Добиваясь снижения налоговой нагрузки, бизнес аргументировал тем, что если власти прислушаются к пожеланиям предпринимателей, то тем самым поспособствуют выходу нелегальных субъектов «из тени». С легализацией предпринимательства в регионе будут открываться новые объекты, соответственно, создаваться новые рабочие места.

«Предприниматели смогут направлять больше оборотных средств на собственное развитие. Стабильное развитие бизнеса — это рост экономики региона», — отметили представители бизнес-сообщества.

Выступая в интересах предпринимателей, директор Палаты предпринимателей области Жетісу Даурен Оналбаев подчеркнул, что налоговая нагрузка по-прежнему остается наиболее чувствительным вопросом для субъектов МСБ. В особенности актуальна для микро- и малых предприятий, работающих в сфере услуг, торговли и производства.

Напомним, что ранее местными исполнительными органами своевременно было принято решение о снижении ставки индивидуального подоходного и корпоративного подоходного налогов с 4 до 2 процентов. Оно оказало положительное влияние на деловую активность: увеличился переход предпринимателей на легальные формы ведения бизнеса, выросла занятость населения, расширились налоговые поступления в местный бюджет.

«Принятие положительного решения станет реальной мерой поддержки и создаст благоприятные условия для дальнейшего развития предпринимательства в регионе», — отметил председатель отраслевого совета торговли, председатель Ассоциации предпринимателей «Вместе - мы сила» Эдиль Казакпаев.

По итогам заседания, учитывая доклады департамента государственных доходов, отделов экономики и бюджетного планирования, предпринимательства, было принято решение начать процедуры по регулированию вопроса снижения ставки налога с 4% до 2%.

В завершение встречи ряду активных участников были вручены благодарственные письма Талдықорғанского городского маслихата за вклад в социально-экономическое развитие города и развитие предпринимательства.

Напомним, решения маслихатов по данному вопросу должны быть приняты до 1 декабря текущего года.

ТЕМА ДНЯ

ПРОДОЛЖАЕТСЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КОММУНАЛЬНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ

В области Жетісу усилились темпы обновления инфраструктуры в рамках национального проекта «Модернизация энергетического и коммунального секторов». Работа ведется в соответствии с поручениями Главы государства Касым-Жомарта Токаева по модернизации жилищно-коммунальной и водной инфраструктуры, — отметил руководитель департамента Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК области Жетісу Думан Калибеков.



Из-за высокого уровня износа тепловых, электрических, водопроводных и канализационных сетей на 2025-2029 годы утвержден крупный инвестиционный план. В частности, на обновление тепловых сетей Талдықорғана направляется 18,9 млрд тенге, на модернизацию электрических сетей — 27,3 млрд тенге, на реконструкцию систем водоснабжения города Текели — 12 млрд тенге, системы водоотведения — 3 млрд тенге и города Талдықорғана — 6,9 млрд и 1,49 млрд тенге соответственно.

В частности, в 2026 году в национальном проекте с общим объемом инвестиций свыше 20 млрд тенге примут участие четыре основных коммунальных предприятия — АО «ТАТЭК», КГП «Талдықорғантеплосервис», ГКП на ПХВ «Жетісу Водоканал» и ГКП на ПХВ «Текели Су кубыры».

На сегодняшний день департаментом регулируется деятельность 45 субъектов естественных монополий по следующим отраслям: 17 — водохозяйственная, 5 — электроэнергетика, 12 — теплоэнергетика, 3 — газоснабжение, 13 — подъездные пути при условии отсутствия конкурентного пути.

С начала года рассмотрено 111 заявок на изменение тарифов, часть которых была возвращена из-за неполного пакета документов. В рамках механизма «Тариф в обмен на инвестиции» одобрены заявки двух базовых предприятий, что позволит привлечь дополнительные средства на обновление сетей. Так, утвержденная дополнительная инвестпрограмма на сумму 40 млн тенге

для «Жетісу Водоканала» уменьшит износ инженерных сетей с 65% до 64%, а 1,796 млрд тенге для АО «ТАТЭК» позволит направить дополнительные инвестиции на модернизацию электрических сетей.

По поручению Правительства приняты меры по снижению тарифной нагрузки на население. В результате тариф на воду был снижен на 9,1%, на газ — на 11,8%. Ранее действовавшие социальные нормы по теплу и воде отменены. До конца первого квартала 2026 года повышение коммунальных тарифов для населения не планируется.

Департамент усилил обратную связь с гражданами и за 10 месяцев рассмотрел большинство поступивших обращений. Потребителям возвращено 210,34 млн тенге за счет временного компенсирующего тарифа. В двух предприятиях проведены проверки соблюдения законодательства, одно из них оштрафовано более чем на 6 млн тенге. Вместе с этим за неисполнение обязанностей в рамках Закона «О естественных монополиях» в отношении 10 субъектов возбуждено 18 дел об административном правонарушении и наложен штраф на сумму свыше 20 млн тенге, взысканные в сокращенном порядке.

Работы по модернизации инфраструктуры в области Жетісу продолжатся и в последующие годы. Ожидается, что по мере увеличения объемов инвестиций и темпов обновления качество коммунальных услуг для населения будет расти, а платежи станут более стабильными и доступными.

МАЛЫЙ И СРЕДНИЙ БИЗНЕС

ЦЕЛЕУСТРЕМЛЕННОСТЬ ПРИВОДИТ К УСПЕХУ

Грузовые перевозки — неотъемлемая часть современной экономики. Без этого вида услуг сегодня невозможно представить ни одну сферу — от торговли и строительства до сельского хозяйства. Среди всех способов транспортировки особенно востребованы автомобильные грузоперевозки, отличающиеся скоростью, мобильностью и доступностью. Именно поэтому этот рынок остается одним из самых динамично развивающихся в Казахстане.

Одним из тех, кто сумел успешно заявить о себе в этой сфере, стал индивидуальный предприниматель Тасыбек Скаков, основатель ИП «Нұрым». Он является ярким примером того, как благодаря трудолюбию, целеустремленности и государственной поддержке можно выстроить прибыльное дело с нуля.

Свою карьеру талдықорғанец начинал наемным водителем. Опыт, полученный в сфере логистики и транспортных услуг, стал для него надежным фундаментом будущего бизнеса. Осознав потенциал рынка, он решил открыть собственное дело.

В 2023 году предприниматель приобрел первый грузовой автомобиль и начал оказывать услуги по перевозке грузов на территории области Жетісу. С первых дней он сделал ставку на надежность, пунктуальность и индивидуальный подход к каждому клиенту. Такой подход быстро принес результаты — появились постоянные заказчики, а объемы перевозок стали расти.

Для расширения бизнеса Тасыбек Скаков обратился за финансированием в АО «Банк ЦентрКредит». Полученный кредит на инвестиции был направлен на приобретение дополнительного грузового автотранспорта. Проект получил гарантию

Фонда развития предпринимательства «Даму» по программе «Гарантийного фонда», что позволило предпринимателю развивать бизнес без риска и на выгодных условиях.

Благодаря этой поддержке Тасыбек Скаков смог увеличить автопарк, выйти на стабильный доход, наладить сотрудничество с постоянными клиентами, обеспечить своевременную доставку грузов по региону и создать новые рабочие места для водителей.

Сегодня ИП «Нұрым» активно развивает логистическое направление. В ближайших планах — расширение географии перевозок за пределы области, внедрение цифровых решений для отслеживания и планирования доставки, а также повышение эффективности работы через современные IT-инструменты.

Одним словом, начав путь с одного автомобиля, Тасыбек Скаков сумел создать стабильное дело, которое не только приносит прибыль, но и способствует развитию экономики региона.

«Если верить в свое дело, постоянно учиться и использовать доступные возможности, успех обязательно придет», — уверен предприниматель.

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Талдықорған қалалық мәслихатының VIII шақырылымының кезектен тыс XLV сессиясы өтті. Жиынға қала әкімі Ернат Бәзіл, оның орынбасарлары, қалалық мәслихат депутаттары, бөлім басшылары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.



Күн тәртібіне әлеуметтік-экономикалық даму мен қала басқаруына қатысты маңызды мәселелер шығарылды. Атап айтқанда, «Талдықорған қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу, қаланың бірқатар құрамдас бөліктеріне атау беру, 2025-2029 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын бекіту, қаланың басқару схемасын нақтылау және кәмететке толмағандар істері жөніндегі комиссия құрамына өзгеріс енгізу мәселелері қаралды. Сессия барысында қала әкімі Ернат Дүйсенбекұлы Талдықорғанның әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқталып, алдағы кезеңде атқарылуы тиіс міндеттерді айқындады. Ол тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жетілдіру, қоғамдық көлік қозғалысы, қала тазалығы мен қауіпсіздігін нығайту бағытындағы жұмыстардың өзектілігін атап өтті. Әкім өз сөзінде бұл міндеттердің барлығы қалалық мәслихатпен өзара үйлесімді жұмысты талап ететінін баса айтып, бірлескен іс қаланың дамуына оң ықпалын тигізетінін жеткізді. Депутаттар тарапынан да ұсыныстар тыңдалып, талқыланған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛУ ТАСҚЫНҒА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС



Жетісу облысында су тасқынына қарсы атқарылған іс-шаралардың нәтижесінде бүгінге дейін жалпы ұзындығы 2 км қорғаныс дамбылары салынып, жөнделді, 5,8 км су бұру арналары мен арықтар орнатылып, 2,7 км өзен және канал арналары механикалық тазартудан өтті. Өзендердің 4 шақырымында тереңдету, арналарын түзеу және жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметіне сәйкес, су тасқынының алдын алу жұмыстары облыстың даму жоспары мен 2025 жылдың жазғы-күзгі инженерлік жұмыстарының жоспары аясында атқарылуда. Қазіргі кезде Талдықорған қаласында «Үйтас» пен «Қаратал» саяжай қауымдастықтарының аралығында Қаратал өзенін механикалық тазалау, тереңдету, арнасын түзеу мен нығайту жұмыстары аяқталуға жақын. Сол сияқты Панфилов ауданы Сүптай ауылында Тышқан өзенінің арнасын нығайтылып жатыр. Сонымен қатар су тасқынының алдын алу бағытында жүзеге асырылу жоспарланған 16 іс-шараның 8-і бүгінгі күнге аяқталған. Атап айтқанда, Сарқан ауданы Қарабөгет ауылында Лепсі, Көксу ауданында Быжы және Жарлыөзек өзендерінің жалпы ұзындығы 830 м арнасы түзетілді. Көксу ауданының Мұқаншы және Мұсабек ауылдарында 2,7 км жуық су бұру каналдары тереңдетілді. Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылында 500 м су бұру каналы жайластырылды. Қаратал ауданы Көкдала ауылында және Ақсу ауданы Қапал ауылында су бұру каналдарының 2,5 км жуығы тереңдетілді. Сол сияқты тағы 8 нысанда осындай жұмыстар жалғасуда. Бұл ретте өзен арналарын түзетіп, тереңдетумен қатар дамбы мен көпір орнату және жөндеу, су өткізу құрылыстарын жөндеу және өткізу қабілетін ұлғайту, магистралды каналдарды механикалық тазарту сияқты іс-шаралар атқарылып жатыр.

- Оған қоса жоспардан тыс Кербұлақ ауданы Шұбар ауылында Кескентерек өзенінің арнасы түзетіліп, тереңдетілді. Талдықорғанда Балықты, Қаратал ауданы Тастөбе ауылында Қаратал өзендерінің жағалауларын нығайту мен арналарын механикалық тазалау жүргізілуде. Жалпы алғанда су тасқынына қарсы жүргізілген жұмыстардың арқасында өңірде ұзындығы 2 км қорғаныс дамбылары салынып, жөнделді. 5,8 км су бұру арналары мен арықтар орнатылып, 2,7 км өзен және канал арналары механикалық тазартудан өтті, 4 км-де тереңдету, өзен арналарын түзеу және жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, санитарлық тазарту жұмыстары аясында 48 км канал, 71 км арық және 1489 дана су өткізу құрылысы тазартылды. Мұндай жұмыстардың су тасқынының алдын алуда маңызы зор. Сондықтан осы бағыттағы жұмыстар жалғасады, - дейді Жетісу облысы ТЖД Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Ринат Тазабеков.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ХАЛЫҚТАН САУАЛ – ӘКІМНЕН ЖАУАП

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

Қабылдауға келген 10 тұрғын әлеуметтік көмек көрсету, жеке кәсіп бастау үшін жер телімін алу, кәсіпкерлікке қолдау көрсету, қайтарымсыз гранттар мен ауыз су мәселелері секілді өзекті әлеуметтік тақырыптарды көтерді.

Кездесу барысында қала әкімі әрбір өтінішке мұқият назар аударып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

- «Халықпен ашық диалог орнатып, әрбір тұрғынның мәселесіне назар аудару біздің басты



міндетіміз. Көтерілген сұрақтардың барлығы назарда ұсталып, кезең-кезеңімен шешімін табатын болады», - деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ ҚОЛДАНЫСТА

«Үйтас» саяжайының көпір өткеліне баратын аумақта тұрғындар үшін қауіпсіз әрі ыңғайлы қозғалысты қамтамасыз ететін жаңа жаяу жүргіншілер жолы салынды. Орташа жөндеу жұмыстары аясында ұзындығы 207 метр болатын тротуар төселіп, №23 және №16 бағыттағы автобус маршруттарының соңғы аялдамалары ретке келтірілді. Аумаққа толық асфальт жабындысы төселді.

Еске салайық, қала әкімі Ернат Бәзіл «Үйтас» тұрғындарымен кездесуінде аумақты абаттандыру, атап айтқанда асфальт төсеу және жарықтандыру мәселелері көтерілген еді. Тұрғындардың ұсыныстарын уақытылы орындау мақсатында қала әкімінің тапсырмасымен жұмыстар жедел қолға алынып, тротуар бойына жарық шамдары орнатылды.

Сонымен қатар, көпір өткелінің жан-жағына қоршау жұмыстары жүргізілуде.

«Осы жолды біз талай жыл күттік. Күз бен көктемде бұл жердің бәрі батпақ болып, балалары-



мызды мектепке апару да қиын болатын. Қараңғы кезде жүру тіпті қауіпті еді. Енді жарығы бар, таза, тегіс жолмен еркін жүретін болдық. Әсіресе оқушылар үшін өте тиімді болды», - дейді «Үйтас» саяжайының тұрғыны Людмила Расуловна.

Жаңадан салынған жаяу жүргіншілер жолы тұрғындардың күнделікті жүріп-тұруын жеңілдетпек.

30 ОТБАСЫҒА ЖАҢА ПӘТЕР БЕРІЛЕДІ



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Ұлан» шағын ауданында қасбеттері жаңартылып жатқан көпқабатты тұрғын үйлерді аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысын көргі.

Биыл шағын ауданда 20 көпқабатты үйдің қасбеттері жаңартылууда, соның ішінде балкондар бірыңғай стильде қайта жасалып жатыр. Жөндеу

жұмыстары қараша айында толық аяқталады деп жоспарланған.

Еске сала кетсек, «Ұлан» шағын ауданын кешенді абаттандыру 2024 жылы басталған. Бүгінге дейін 14 аула заман талабына сай абаттандырылса, 2 көпқабатты тұрғын үйдің шатыр жабындысы жаңартылды.

Сонымен қатар, қала әкімі 1-ші бөлімше (Подхоз) және Кивилев көшелеріндегі апатты деп танылған үйлерді де аралады. Тексеру барысында әкім апатты жағдайдағы баспаналарды сүріп, олардың орнына жаңа көпқабатты тұрғын үйлер салу қажеттігін айтты.

Биыл жайсыз баспанада тұрып келген 20 отбасы жаңа пәтер алады. Оның бесеуі қыркүйек айында «Қала күні» мерекесі қарсаңында

баспаналы болды. Ал 6 отбасы «Республика күні» қарсаңында қоныс тойын тойлады. Қалған 9 отбасы жыл соңына дейін жаңа пәтермен қамтамасыз етілетін болады.

Келесі жылы «Реновация» бағдарламасы аясында апатты деп танылған үйлерде тұратын тағы 30 отбасыға жаңа пәтер беріледі.

5 ТҮРҒЫН ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Талдықорған қаласында тұрғындарды жайлы баспанамен қамтамасыз ету мақсатында құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Биыл қаңтар-қыркүйек айларында қалада 92,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі.

Қала бойынша биыл 11 көпқабатты үйдің құрылысы жүргізілуде. Солардың ішінде, бюджет қаражаты есебінен «Ынтымақ» тұрғын үй алабында алғаш рет 5 қабатты 5 тұрғын үйдің құрылыс жұмыстары басталды. Қазіргі уақытта іргетас құю жұмыстары жүргізілуде. Жайлы баспаналар 2026 жылдың маусым айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Жаңа үйлерде 1 бөлмелі – 50, 2 бөлмелі – 100, 3 бөлмелі – 50 пәтер қарастырылған. Барлық пәтерлер тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға кезекпен берілімек.

Рүстем Бершінбеков, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары:

- Бұл жобаның мақсаты қала тұрғындарын жайлы әрі қолжетімді баспанамен қамтамасыз



ету. «Ынтымақ» тұрғын үй алабында салынып жатқан 5 көпқабатты үйдің құрылысы жоспар бойынша жүріп жатыр, сапасы мен мерзімі тұрақты бақылауда», - деді.

Жобаны «АС Құрылыс» ЖШС жүзеге асыруда. Тұрғын үйлермен бірге аумақты абаттандыру, жас көшеттер отырғызу жұмыстары да қарастырылған.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстанда Салық кодексіне енгізілген бірқатар жаңалықтар таныстырылды. Өзгерістердің барлығы кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға мүсепін жүктемені азайтуға, салық берешегін өндіру тәртібін жеңілдетуге және шағын қарыздарға қатысты икемді саясат қалыптастыруға бағытталған.



Жаңа талаптарға сәйкес, салық міндеттемесі уақытында орындалмаған жағдайда өсімпұл есептеу жалғасады, бұл көрсеткіш Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне негізделеді. Сонымен қатар банк шоттарынан шығыс операцияларын тоқтату және қарыз өтелгенге дейін мүлкіті пайдалануға шектеу қою тетіктері сақталып отыр.

Алайда қарызды мәжбүрлеп өндіру тәртібіне айтарлықтай өзгерістер енгізілді: енді қабылданатын шаралар берешек көлеміне қарай сараланады. Осы мақсатта «салық берешегінің шекті мөлшері» ұғымы енгізілді. Егер қарыз көлемі 20 айлық есептік көрсеткіштен (шамамен 87 мың теңгеге дейін) аспаса, салық төлеушіге тек алдын ала ескерту-хабархат жіберіледі, ал мәжбүрлі шаралар қолданылмайды. Берешек 20-45 АЕК аралығында болған жағдайда салық төлеушіге бес жұмыс күні ішінде хабарлама жолданып, он күн ішінде өтеу қажет болады.

Мерзімі бұзылған жағдайда шоттар мен кассалық операциялар тоқтатылады және инкассалық өкім қойылады. Ал қарыз 45 АЕК-тен асқанда барлық

мәжбүрлі шаралар толық көлемде іске қосылады: шоттарға инкассалық өкім қойылады, мүлік тәркіленіп сатылымға шығарылады, берешек дебиторлық қарыздар есебінен өндіріледі. Дебиторларға он күн ішінде хабарлама жіберіліп, оны 20 жұмыс күні ішінде орындау міндеттеледі.

Бұдан бөлек, салық берешегі үш айдан астам жабылмай, көлемі 27 000 АЕК-тен (106 млн теңгеден) асып кеткен жағдайда салық төлеушінің елден шығуына уақытша шектеу енгізіледі.

Қаржылық қиындықтарға тап болған кәсіпкерлер үшін де жеңілдіктер қарастырылған. Берешегі 1500 АЕК-тен (шамамен 6 млн теңгеге дейін) аспайтын салық төлеушілер қарызды кепілсіз бөліп төлеу мүмкіндігіне ие болады. Бұл ретте мүлкіті бағалау немесе сақтандыру талап етілмейді, алайда өтініш берушінің жұмыс өтілі, негізгі құралдарының болуы және қызметкерлер саны сияқты белгілі бір талаптарға сәйкестігі ескеріледі.

Сонымен қатар өнім өндіруге қажетті тауарлар мен шикізатты импорттау кезінде қосылған құн салығын төлеуді кейінге қалдыруға рұқсат беріледі. Мұндай тауарлар тізімін уәкілетті орган бекітеді. Салықты кейінге қалдыру мерзімі 6 айға дейін белгіленіп, төлем бір жолғы тәртіппен жүзеге асырылады, ал бөліп төлеу 3 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Мерзімі бір жылдан асатын жағдайда мүлкіті кепілге қою немесе банктің кепілдігі талап етіледі. Өтініш беру негіздері – форс-мажор, маусымдық ерекшеліктер, қаржылық қиындықтар, қосымша есептілік және қайта құрылымдау тәрізді жағдайлар өзгеріссіз қалды. Өтінішті қарау мерзімі 20 жұмыс күніне дейін белгіленген.

Жалпы алғанда, бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – шағын қарызы бар салық төлеушілерге түсетін қысымды азайту. Бұрын тіпті 1 теңге қарыз шықса да мәжбүрлі шаралар қолданылатын болса, жаңа Салық кодексі бойынша кәсіпкер алдымен қарызды өз еркімен өтеу туралы хабарлама алады. Яғни енді шаралар қарыз мөлшеріне қарай кезең-кезеңімен, әділ және икемді түрде іске қосылады.

Арай НҰР

КОМИССИЯ НАЗАРЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР ІСІ



Күн тәртібінде 3 мәселе қаралып, Талдықорған қаласының полиция басқармасының есебінде тұрған мектеп оқушыларының отбасылық пробле-

Қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Жеңіс Анбабековтың төрағалығымен қала әкімдігі жанындағы көмелемке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті.

малық мәселелері де назарға алынды. Комиссия отырысының қорытындысында жауапты мекеме басшыларына бірқатар тапсырмалар берілді.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ ТАЛАП

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында Жетісу облысы полиция департаментінің патрульдік полиция батальоны қызметкерлері 2025 жылдың он айында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыс жүргізді.

Бақылау және қадағалау функцияларын іске асыра отырып, полицейлер 38 мыңнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу фактілерін тіркеді. Олардың ішінде адам өміріне тікелей қауіп төндіретін аса ауыр құқық бұзушылықтар да бар. Есептік кезеңде жол-көлік оқиғаларының негізгі себептеріне айналатын ерескел бұзушылықтарға ерекше назар аударылды.

Соның ішінде:

- 143 жүргізуші мас күйінде көлік басқарған — бұл әр жағдайда жол қатысушылары үшін тікелей қауіп төндіреді;
- 21 мыңнан астам жүргізуші жылдамдық режимін асырып кеткен;
- 118 жүргізуші қарсы бағыттағы қозғалыс жолағына шыққан — ең қауіпті бұзушылықтардың бірі;
- 2 мыңнан астам жүргізуші көлік жүргізу кезінде мобильдік телефон қолданған;
- 3 мыңнан астам жаяу жүргінші жол ережелерін елемеген.



Полиция кез келген заң бұзушылық үшін жауапкершіліктің бұлтартпайтынын еске салады. Жол қозғалысы ережелері — тек қағида емес, олар адам өмірін қорғау мақсатында енгізілген талаптар.

Құқық қорғау органдары жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жауапкершілікке, мұқияттылыққа және белгіленген нормаларды қатаң сақтауға шақырады. Тек ортақ тәртіп пен жоғары мәдениет арқылы жол-көлік оқиғаларын азайтып, адам өмірін сақтап қалуға болады.

ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми ақпарат ресурсы

«ҚОҒАМДЫҚ КӨМЕКШІ» КУЭЛІГІН АЛ!

Талдықорған қаласының полиция басқармасы мен Талдықорған қаласы әкімдігі бірлесіп, қоғамда «Заң мен тәртіп» идеологиясын насихаттау концепциясын жүзеге асыру аясында, сондай-ақ «Таза Қазақстан» Республикалық бағдарламасы шеңберінде 2025 жылғы 20 қарашадан 1 желтоқсанға дейін қала аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге ниет білдірген азаматтарды іріктеу жұмыстарын жүргізеді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қатысатын барлық азаматтарға полиция басқармасы тарапы-

нан қоғамдық көмекші куәлігі берілетін болады.

Сонымен қатар, атқарылған жұмыстардың нәтижесіне байланысты алғыс білдіру, грамотамен марапаттау, ақшалай сыйлық беру, ынталандыру шаралары қарастырылған.

Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы ішкі істер органдарына көмек көрсету, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мен құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы барлық әрекеттерде ашықтықты қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қатысуға ниет білдірген азаматтар Талдықорған қаласының полиция басқармасына өтінішті еркін түрде ұсына алады.

«НҰР-АВИЦЕНУМ»

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «Нұр-Авиценум» медициналық орталығының жұмысымен танысып, орталық қызметкерлерімен кездесті.



Бұл орталық балалар мен ересектерге заманауи медициналық қызмет көрсетіп, қала тұрғындары үшін қолжетімді денсаулық сақтау жүйесінің жаңа үлгісіне айналып отыр.

1991 жылы құрылған «Нұр-Авиценум» мемлекеттік емес медициналық мекемесі өзінің негізгі міндетін – тұрғындардың денсаулығын сақтау, өмір сапасын жақсарту, өлім-жітім мен мүгедектік көрсеткіштерін төмендету, сондай-ақ халықтың өмір сүру ұзақтығын арттыру бағытында жүйелі түрде атқарып келеді.

Медициналық орталық құрамына бір ауысымда 250–300 адам қабылдай алатын консультативті-диагностикалық емхана, 75 орындық стационар, 6 төсектік кардиореанимациялық блок, диализ орталығы бар экстракорпоралдық бөлімше, 4500 ересек адамға қызмет көрсететін аймақтық дәрігерлік учаске және 10 төсектік күндізгі стационар кіреді.

Бүгінде мекемеде облыс тұрғындары үшін 148 қызметкер еңбек етеді. Орталықты медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары санатты кардиолог, тәуелсіз медициналық эксперт Владимир Крайсман басқарады.

Алдағы уақытта орталықтың қызметін одан әрі жетілдіру, материалдық-техникалық базасын жаңарту және тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарын жалғастырмақ.



ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ АЯЛДАМАЛАР



Талдықорған қаласында биыл «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асуда.

Солардың бірі – қала аумағындағы тозығы жеткен аялдамалар жаңартылып, жаңадан бой көтеріп жатқан шағын аудандар мен тұрғындар сұранысы жоғары аумақтарға қазақы нақышта безендірілген 36 жаңа аялдама орнату жұмыстары жалғасуда.

Естеріңізге сала кетсек, қала бойынша барлығы 282 аялдама бар, оның ішінде 21 – смарт аялдамалар.

2018 жылы пайдалануға берілген смарт аялдамалардың басым бөлігі уақыт өте келе жарамсыз күйге түсіп, тұрғындар тарапынан көптеген шағымдар туындаған болатын.

Осы мәселені тиімді шешу мақсатында қала әкімі Ернат Бәзіл смарт аялдамаларды 5 жыл мерзімге сенімгерлік басқаруға берді. Қазіргі таңда барлық смарт аялдамаларды қалпына келтіру жұмыстары басталып, оларды жөндеу биыл толық аяқталмақ.

Ерлан Ниетбаев, Талдықорған қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы:

- Жаңа аялдамалар заманауи талаптарға сай жасалған және ұлттық өрнектермен безендірілген. Бұл тек тұрғындардың жайлылығын арттырып қана қоймай, қаланың эстетикалық келбетін жақсартуға үлес қосады. Сонымен қатар, смарт аялдамаларды қалпына келтіру жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтайтын боламыз, - деді.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ЖОБА АЯСЫНДА САРБАЗДАРҒА АРНАЛҒАН ГРАНТ СЕРТИФИКАТТАРЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті бастығы полковник М.Нарбаев Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында Отан алдындағы мерзімді әскери қызметін абыроймен атқарған сарбаздарға «Сарбаз 2.0» әскери жобасы бойынша жоғары оқу орындарына грант сертификаттарын табыстады. Бұл мүмкіндік Мемлекет басшысының жастардың әскери қызметке қызығушылығын арттыру мақсатында іске асырылуда.



Грант иесі атанған С.Жеңіс, Ә.Әбдірахманов, О.Майнен, Е.Кенжебаев, Ә.Жаймағанбетовтер келер жылы М.Тынышбаев атындағы университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері және ҚР Қорғаныс министрлігі Радиоэлектроника және байланыс Әскери-инженерлік институтының курсанттары атанатын болады.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВҚА – 190 ЖЫЛ ТҰЛҒАҒА ТАҒЗЫМ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Қорғас шекаралық бақылау басқармасында ұлы ғалым, ағартушы, тарихшы және географ Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына орай танымдық іс-шара ұйымдастырылды.



Шара барысында Ш.Уәлихановтың өмір жолы, зерттеушілік еңбектері, Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге қосқан үлкен үлесі жан-жақты баяндалды. Оның ерлігі мен елге сіңірген еңбегі, ғылымға адал көзқарасы әскери қызметшілерге үлгі ретінде ұсынылды. Мұндай танымдық кездесулер жеке құрамның білімін арттырып қана қоймай, ұлттық тұлғаларымызға деген құрметті күшейтіп, патриоттық сана-сезімнің дамуына ықпал етеді.

«КҮЗ-2025» ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚАРУ ТАБЫСТАУ РӘСІМІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында «Күз-2025» шақырылымындағы әскери қызметшілерге салтанатты түрде қару табыстау рәсімі өтті.



Іс-шара барысында сарбаздарға жеке қарулары беріліп, қаруды қолдану тәртібі мен қауіпсіздік талаптары түсіндірілді. Бұл - олардың әскери қызметтегі жауапкершілігі артып, жауынгерлік дайындыққа ресми түрде кіріскенінің маңызды кезеңі болып саналады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес, Талдықорған қалалық мәслихаты 2023 жылғы 26 желтоқсанда құрылған учаскелік сайлау комиссияларының құрамынан шығып қалған мүшелердің орнына сайлау комиссиясының мүшелерін тағайындау туралы хабарлайды.

Осыған байланысты учаскелік сайлау комиссияларының құрамында өз өкілдері жоқ әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, қалалық мәслихат сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2025 жылдың 21 қарашадан бастап 5 желтоқсанға дейін учаскелік сайлау комиссияларына жаңа кандидаттар бойынша мәслихатқа келесідей құжаттарды тапсырады:

1) Сайлау комиссияларының құрамына белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы кандидатуралар туралы мәліметтер;

2) Саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің), жоғары тұрған сайлау комиссиясының тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партия органының, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (өкілдіктерінің) тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысан бойынша өтініші;

Сайлау комиссияларының құрамына кандидату-

ралар туралы мәліметтер нысандары, кандидаттардың сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері мәслихаттың сайтында орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағына сәйкес кезделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болмауы тиіс.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңділері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылған барлық құжаттар электронды және қағаз форматта, қол қойылған, мөрмен расталған болуға және орындалған күнін, орындаушы туралы, оның аты-жөні мен телефон нөмірі көрсетілген белгіні қамтуға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2025 жылғы 21 қарашадан бастап 5 желтоқсанға дейін, дүйсенбі-жұма күндері сағат 8-00-ден 17-30-ға дейін жүзеге асырылады, үзіліс 12-00-ден 13-30-ға дейін.

Талдықорған қалалық мәслихаты

Ахажан Темірболат Жанболатұлы – Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы.

Мәслихаттың орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Абай к-сі, 256.

Жауапты қызметкер – Ашимжанова Салтанат Тәңірбергенқызы, каб. №111, қалааралық телефон коды (87282) 24-09-56, электрондық почта мекенжайы: tald.gor.maslihat@mail.ru.

№/п/н	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері	Учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің саны (орын)
2 учаскелік сайлау комиссиясы			
1.	№ 432	Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Ащыбұлақ көшесі №26, «№26 орта мектеп» КММ (оңтүстік қанаты)	1
2.	№ 465	Талдықорған қаласы, «Көктал» шағын ауданы, Шевченко көшесі №16, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «Е. Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектеп» КММ, (оңтүстік-батыс қанаты)	1

Талдықорған қалалық мәслихаты

К СВЕДЕНИЮ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ!

В соответствии со статьей 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) Талдықорганский городской маслихат сообщает о назначении членов участковых избирательных комиссий вместо бывших из составов участковых избирательных комиссий, образованных 26 декабря 2023 года.

В связи с этим каждая политическая партия, не имеющая своих представителей в составе участковых избирательных комиссий, вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по новым кандидатам в участковые избирательные комиссии с 21 ноября по 5 декабря 2025 года представляют в Талдықорганский городской маслихат следующие документы:

1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном форматах;

2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;

3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);

4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на

участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан».

В состав одной избирательной комиссии не могут войти близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в электронном и бумажном форматах, должны быть подписаны, заверены печатью и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется с 21 ноября по 5 декабря 2025 года, с понедельника по пятницу с 08:00 до 17:30 часов, перерыв – с 12:00 до 13:30 часов.

Талдықорганский городской маслихат

Ахажан Темірболат Жанболатұлы – председатель Талдықорганского городского маслихата.

Местонахождение маслихата: город Талдықорған, ул. Абая, 256.

Ответственное лицо – Ашимжанова Салтанат Тәңірбергеновна, каб. №111, междугородний телефонный код (87282), 24-09-56, адрес электронной почты: tald.gor.maslihat@mail.ru.

№ п/н	Номер избирательного участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов (мест) в участковых избирательных комиссиях
участковые избирательные комиссии - 2			
1.	№ 432	город Талдықорған, с. Еркін, ул. Ащыбулак, 26, КГУ «Средняя школа №26» (южное крыло)	1
2.	№ 465	город Талдықорған, с. Еркін, мкр. «Коктал», ул. Т. Шевченко, 16, КГУ «Средняя школа №11 им. Есжана Берлиқожаұлы» (юго-западное крыло)	1

Талдықорганский городской маслихат

РАЗЪЯСНЕНИЕ ПО ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ С ГРИППОМ И ОРВИ

В области Жетісу продолжается сезонный рост заболеваемости гриппом и ОРВИ.

Главный Государственный санитарный врач области подчеркивает: сезонные вирусы циркулируют ежегодно, однако важно внимательно относиться к первым симптомам и не заниматься самолечением. Раннее обращение к врачу помогает избежать осложнений, особенно у детей, беременных женщин,

людей с хроническими заболеваниями и пожилых пациентов.

Чтобы снизить риск заражения, санитарные врачи рекомендуют:

- ▶ соблюдать масочный режим в местах скопления людей;
- ▶ чаще мыть руки и проветривать помещения;
- ▶ избегать контактов при признаках недомогания;
- ▶ своевременно проходить вакцинацию от гриппа.

РОЛЬ ВРАЧА И МЕДИЦИНСКОЙ СЕСТРЫ В ПРОВЕДЕНИИ АНЕСТЕЗИИ И УХОДЕ ЗА РЕБЕНКОМ С ОСОБЕННОСТЯМИ РАЗВИТИЯ

Дети с особенностями развития требуют особого подхода при проведении анестезии и послеоперационном уходе. Их поведение, эмоциональные реакции и ограниченные возможности понимания инструкций делают стандартные процедуры более сложными. Работа врача и медицинской сестры должна быть скоординированной, чтобы обеспечить безопасность, снизить стресс и предотвратить осложнения.

Перед операцией команда проводит подготовку ребенка: устанавливает доверительный контакт, объясняет суть процедуры простыми словами



и успокаивает ребенка, учитывая его индивидуальные особенности. Врач-анестезиолог подбирает препараты с учетом возраста, массы тела и особенностей развития, тщательно планирует наркоз и прогнозирует возможные реакции.

Медицинская сестра играет ключевую роль в психологической поддержке, подготовке оборудования, контроле жизненных функций во время наркоза и помощи врачу в экстренных ситуациях. После операции она наблюдает за дыханием, уровнем сознания, цветом кожи, температурой и состоянием послеоперационной раны, одновременно поддерживая эмоциональное спокойствие ребенка. Таким образом, безопасное проведение анестезии и восстановление ребенка с особенностями развития – результат совместной работы врача и медицинской сестры, где профессионализм, внимание и чуткость к индивидуальным потребностям пациента обеспечивают эффективное и гуманное лечение.

КОМАНДНАЯ РАБОТА ВРАЧА, РЕАНИМАТОЛОГА И МЕДИЦИНСКОЙ СЕСТРЫ ПРИ ЭКСТРЕННЫХ СОСТОЯНИЯХ У ДЕТЕЙ



Эффективная помощь детям в экстренных ситуациях невозможна без слаженной работы медицинской команды. Особенности детского организма и возможность стремительного ухудшения состояния требуют, чтобы врач, реаниматолог и медицинская сестра действовали слаженно и по заранее отработанным алгоритмам.

В экстренной ситуации распределение обязанностей особенно важно. Врач принимает решения о тактике лечения, контролирует жизненно важные

функции и проводит основные манипуляции. Реаниматолог отвечает за проведение реанимационных мероприятий, поддержание дыхания и кровообращения. Медицинская сестра обеспечивает подготовку оборудования, ведет мониторинг показателей, подает препараты и поддерживает ребенка во время вмешательства.

Четкая коммуникация и взаимопонимание между членами команды – залог успешного результата. Каждое действие должно быть синхронизированным: задержка или ошибка может иметь критические последствия. Поэтому регулярные тренировки, симуляционные учения и обсуждение типовых сценариев помогают поддерживать высокий уровень готовности.

После стабилизации состояния ребенка команда продолжает наблюдение: контролируется дыхание, давление, уровень сознания, проводятся необходимые лечебные и восстановительные процедуры. Также важно поддерживать эмоциональное состояние ребенка и родителей, чтобы снизить стресс и ускорить восстановление. Таким образом, слаженная работа врача, реаниматолога и медицинской сестры при экстренных состояниях у детей – это сочетание профессионализма, четкой коммуникации и заботы о маленьком пациенте, которое обеспечивает максимальную безопасность и эффективность оказания помощи.

ОРГАНИЗАЦИЯ БЕЗОПАСНОЙ СРЕДЫ В ДЕТСКИХ ОТДЕЛЕНИЯХ И СПОРТИВНЫХ СЕКЦИЯХ С УЧАСТИЕМ РЕАНИМАТОЛОГА

Обеспечение безопасности детей в медицинских учреждениях и спортивных секциях – важная задача всей команды специалистов. Дети, особенно с особенностями развития, подвержены травмам, перегрузкам и острым состояниям, поэтому организация среды требует комплексного подхода.

Врач и медсестра следят за соблюдением санитарно-гигиенических норм, правильной расстановкой оборудования, безопасным доступом к спортивным и медицинским материалам, а также контролируют физическое и эмоциональное состояние ребенка во время занятий и процедур.

Реаниматолог участвует в оценке потенциальных рисков, разрабатывает алгоритмы действий при экстренных ситуациях и обеспечивает готовность к оказанию неотложной помощи при травмах, падениях или внезапных нарушениях дыхания и кровообращения. Медицинская сестра поддерживает мониторинг состояния детей, фиксирует показатели, готовит оборудование и медикаменты для быстрой помощи.



Особое внимание уделяется обучению персонала, тренеров и родителей навыкам профилактики травм и оказания первой помощи. Также важно учитывать психологический комфорт ребенка, минимизируя стрессовые ситуации и создавая доверительную атмосферу.

Таким образом, организация безопасной среды в детских отделениях и спортивных секциях – это совместная работа врача, медсестры и реаниматолога, где профилактика травм и готовность к экстренной помощи обеспечивают здоровье и безопасность детей.

МЕДИЦИНСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ДЕТСКОГО СПОРТА: ПРОФИЛАКТИКА ТРАВМ И ГОТОВНОСТЬ К ЭКСТРЕННОЙ ПОМОЩИ

Детский спорт требует комплексного медицинского сопровождения, особенно для детей с особенностями развития. Организм ребенка находится в стадии роста, поэтому перегрузки, травмы или несоблюдение режима могут привести к осложнениям. Медицинское обеспечение включает профилактику травм, контроль состояния и готовность к экстренной помощи.

Перед началом тренировок ребенок проходит медицинский осмотр. Врач оценивает работу сердца, легких и суставов, а медицинская сестра проверяет параметры здоровья и фиксирует показатели. Реаниматолог заранее планирует алгоритмы действий при экстренных ситуациях – травмах, обмороках или нарушениях дыхания и кровообращения.

Во время тренировок команда обеспечивает постоянный контроль состояния ребенка. Медицинская сестра следит за жизненными функциями, помогает в профилактике

перегрузки, а врач и реаниматолог готовы оказать неотложную помощь при необходимости. Также проводится обучение тренеров и родителей признакам усталости и травмы.

Особое внимание уделяется психологическому состоянию ребенка: стресс, усталость и чрезмерные нагрузки повышают риск травм и снижают эффективность занятий. Совместные действия врача, медсестры и реаниматолога создают безопасные условия для развития ребенка, позволяя заниматься спортом с минимальным риском осложнений.

НЕОТЛОЖНАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ОТЕКЕ ГОРТАНИ У ДЕТЕЙ

Отек гортани – острое состояние, которое может быстро привести к дыхательной недостаточности и угрозе жизни ребенка. Дети с особенностями развития могут испытывать повышенный страх и неспособность адекватно сотрудничать, что требует скоординированных действий всей медицинской команды.

Врач оценивает степень дыхательной обструкции, уровень сатурации кислорода, частоту дыхания и общее состояние ребенка. При необходимости назначаются кортикостероиды, антигистаминные препараты, ингаляции с бронхолитиками, учитывая возраст и индивидуальные особенности. В случаях тяжелой дыхательной недостаточности или угрозы асфиксии реаниматолог обеспечивает готовность к интубации и поддержанию дыхания, контролируя сердечно-сосудистые функции.

Медицинская сестра ведет непрерывный мониторинг жизненных показателей, обеспечивает подготовку и подачу медикаментов, поддерживает ребенка эмоционально,

фиксирует изменения состояния и помогает в организации экстренной помощи.

Для уменьшения стресса ребенок должен находиться в вертикальном положении, дыхание поддерживается через нос, а родители присутствуют при необходимости для эмоциональной поддержки.

Важно избегать паники, действовать спокойно и четко по алгоритму. Таким образом, неотложная помощь при отеке гортани – это скоординированная работа врача, реаниматолога и медицинской сестры, где профессионализм, внимательность и быстрые действия обеспечивают сохранение жизни ребенка и предотвращение осложнений.

СОВРЕМЕННЫЕ ПРИНЦИПЫ ОКАЗАНИЯ НЕОТЛОЖНОЙ ПОМОЩИ ДЕТЯМ С ОСОБЕННОСТЯМИ РАЗВИТИЯ

Оказание неотложной помощи детям с особенностями развития требует особого подхода и высокой координации действий медицинской команды. Детский организм отличается высокой чувствительностью и быстрым развитием осложнений, а особенности восприятия и поведения детей с особенностями могут усложнять стандартные процедуры.

Основной принцип – раннее распознавание угрозы жизни и быстрое реагирование. Врач и реаниматолог оценивают состояние ребенка по алгоритму ABC (Airway, Breathing, Circulation): проверяют дыхательные пути, частоту дыхания, пульс и давление. Медицинская сестра ведет мониторинг жизненных показателей, готовит препараты и оборудование, оперативно реагирует на изменения состояния.

Особое внимание уделяется индивидуальному подбору лекарственных средств и дозировок. Препараты рассчитываются с учетом массы тела, возраста и особенностей развития ребенка. Важно поддерживать оптимальную температуру, предотвращать переохлаждение

и контролировать другие физиологические параметры.

Эмоциональный компонент также играет ключевую роль. Дети с особенностями развития могут испытывать страх, тревогу или дезориентацию во время экстренных вмешательств. Спокойное, уверенное и поддерживающее присутствие врача и медсестры снижает уровень стресса и способствует успешному проведению процедуры. Таким образом, современная неотложная помощь детям с особенностями развития – это сочетание профессиональных знаний, точных действий и внимательного, чуткого отношения, где слаженная работа всей команды обеспечивает сохранение жизни и здоровья маленького пациента.

**Е. ТИХАНОВА, детский реаниматолог областной многопрофильной больницы г. Талдыкорган,
Н. БИБАЕВА, ДЮСШ г. Талдыкорган,
Ж. ЖАНИКЕЕВА, детский центр «Камкор» г. Талдыкорган.**



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН!» – ҚАУІПСІЗ БОЛАШАҚ

«Заң және тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында Жетісу облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері Талдықорған қаласы прокуратурасымен бірлесіп, есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі кеңес мүшесінің қатысуымен «Қауіпсіз Қазақстан!» атты профилактикалық іс-шара өткізді. Ақцияның басты мақсаты – облыс орталығы аумағындағы «нарко-граффити» деп аталатын жазуларды жою болды.

ЖАСӨСПІРІМ ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

2025 жылдың 16 қарашасы күні түнгі сағат 03:00 шамасында Талдықорған қаласының патрульдік полиция қызметкерлері облыс орталығы көшелерінде қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында Mitsubishi Pajero автокөлігін тоқтатпақ болды. Аталған көлік жоғары жылдамдықпен қозғалып, Қабанбай батыр көшесі бойында бірқатар қауіпті маневрлер жасаған.

Полиция қызметкерлерінің заңды талабына бағынбаған жүргізуші жылдамдығын арттырып, қашуға әрекеттенген. Патрульдік экипаж дереу қуу әрекетін бастап, бағыт-бағдар мәліметін басқа нарядтарға жеткізді. Бірнеше минутқа созылған қуу барысында көлік көпқабатты тұрғын үйлердің бірінің ауласында бөгеліп, тоқтатылды.

Тексеру кезінде рөлде 2009 жылы туған, көлік басқару құқығы жоқ кәмелетке толмаған жасөспірім отырғаны анықталды. Жасөспірім ұсталып, полиция бөліміне жеткізілді. Оқиға туралы оның заңды өкілдеріне хабарланды.

Автокөлік арнайы айып тұраққа эвакуацияланды.

**Жетісу облысының
Полиция Департаменті**



ҚОҚЫС ОРНЫНА ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК



Облыс орталығы Талдықорған қаласында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында дәстүрлі «Таза бейсенбі» акциясы өтті.

Акция барысында қала аумағында ағаш көшеттері отырғызылды. Бұл игі іс заңсыз қоқыс тегілетін аймақтар мен жол жиектерінде жүргізіліп, тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті арттыру мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған.

Қалалық полиция басқармасының мәліметінше, соңғы уақытта жолдардың бойына және рұқсат етілмеген жерлерге қоқыс тастау фактілері көбейген. Осыған байланысты қала әкімдігі мен тәртіп сақшылары қала тұрғындарын тазалық талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Ерлан Ниетбаев, Талдықорған қаласы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы:

- Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары! Тұрмыстық қатты қалдықтарыңызды тек арнайы белгіленген орындарға ғана тастаңыздар! Белгіленбеген жерлерге қоқыс төккен жағдайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік шаралар қолданылатынын ескертеміз. Әсем қаламызды таза ұстайық!,- деді.

Қала бәрімізге ортақ мекен. Тазалықты өзімізден бастайық!

ХАБАРЛАНДЫРУ

УЛЫ ГАЗДАН АБАЙ БОЛ!

Талдықорған қаласы ТЖБ қызметкерлері және тиісті құзырлы органдардың қатысуымен «Қауіпсіздік әр үйге!» және «Улы газдан абай бол!» акциялары өткізілді.

Акция барысында әлеуметтік осал топтағы отбасылардың жеке тұрғын үйлеріне барып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты-жылыту

маусымында өрттің алдын алу және адам өліміне жол бермеу.

Тұрғын үйлердегі жылыту пештерінің жай-күйі тексеріліп, тұрмыстық газ баллондарын қауіпсіз пайдалану талаптары түсіндірілді.

Сонымен қатар, үйлерге улы газды және түтінді анықтағыш датчиктер орнатылды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



**ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ**

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Талпырыс №1183 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат




ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ ДӘРИЯ-ҚАЗАҚТЫҢ БАС АРУЫ

**Талдықорғандық Дәрия
Қуатжан көрермендердің
дауысымен «Қазақ аруы –
2025» байқауының жеңімпазы
атанды.**

Ол көрермендердің дауысы бойынша оқ бойы озып, 22 771 дауыспен бірінші орынды алды.



ХҚКО ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ



Архивтік анықтама — бұл жұмыс өтілін, қызмет орнын, оқу орнын немесе тұрғылықты жерін растауға арналған құжат. Көбінесе ол зейнетақы рәсімдеу немесе басқа әлеуметтік төлемдерді алу кезінде қажет болады.

АРХИВТІК АНЫҚТАМАНЫ АЛУ

Бұрын:

- ▶ анықтаманың тек қағаз нұсқасы ғана берілетін;
- ▶ анықтама алу үшін міндетті түрде архивке бару қажет болатын;
- ▶ сұралған мәліметті растау үшін мөр басылған және қол қойылған құжат көшірмелерін тапсыру қажет еді;
- ▶ анықтаманы күту уақыты 30 күнге дейін созылатын.

Қазір:

- ▶ анықтама қағаз және электронды форматта қолжетімді;
- ▶ бұл қызметті архивке бармай-ақ, ХҚКО бөлімшесінен немесе электрондық үкімет порталы арқылы онлайн рәсімдеуге болады;
- ▶ жеке басын растау үшін азамат тек жеке куәлігі мен өтінішін ұсынады;
- ▶ анықтама 11 жұмыс күні ішінде дайындалады, ал дайын болғаны туралы хабарлама электронды түрде жіберіледі.



ӨЗЕКТІ

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында Ашық есік күні өтті. Кездесу орталықтың директоры С.Қадыров, «Жанұя» отбасын қолдау орталығының басшысы Ж.Нұрмұханова, әлеуметтік маман М.Белгібаева және де жеке азаматтар қатысты.



Қатысушылар зорлық-зомбылық туралы ақпаратпен таныстырылып, қоғамда зорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыру керек екендігі айтылды. Мамандар мен қатысушылар арасында өзара пікір алмасып, әркім өз ойларын ортаға салды. Қатысқан азаматшалардың қойған сұрақтарына жеке – жеке кеңестер берілді. Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылық – бұл адам құқығының өрескел бұзылуы. Ол адамның өміріне, отбасылық қатынастардың бұзылуына әкеледі. Зорлық-зомбылықтың алдын алу – қоғамның тұрақты дамуы мен азаматтардың қауіпсіз өмір сүруінің маңызды шарты. Осы бағытта ақпараттық жұмыстар жүргізу – басты міндеттердің бірі.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында оқу орындары мен ұйымдарда ақпараттық кездесу өткізу жоспарланды.

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.